

Сократ ойлары



□ Сократ адам табиғатын тануға, адам баласының ой санасы мен танымының дамуына зор үлес қосқан ежелгі грек ғұламасы. Адам және оның жаны, өмірі, ақыл, білім, ақиқат деген түсініктерге, сондай –ақ қоғам, мемлекет, билік және олар қандай болуы керек деген тұжырымдарға анық және нақты жауап берген адам, өзі де адал жүріп, адал өмір сүріп, адамшылық пен игіліктің үлгісі бола білген жан.

□ Сократтың ой көзғарастарын ол өлгеннен кейін шәкірттері: Платон, Ксенофонт, Аристотель мен Плутарх және басқалар адам өміріне және оның санасына қажетті түсініктерді жетілдірді. Олар қазір баршаға мәлім қағидалар мен ұғымдарды алғашқы жеткізгендер деуге негіз бар.



СОКРАТ -АДАМ ЖӘНЕ АДАМ ЖАНЫ ТУРАЛЫ

- Сократ ең басты адамның жаны, оның жан дүниесі, адамның жаны қандай күйде болса, адам өмірінің игілігі де соған байланысты, адам жан дүниесімен бай дегенді қайталаудан жалықпаған адам.



Сократ адамның - өте қиын құбылыс екенін, оның санасы субъективтік дүниелерге толы, бірақ адам – өзін өзі тани алатын рухани құбылыс деп санады. Сократ: «Өзіңді танып біл!», «Өзіңді танып білу – адамшылық жетілудің көзі, адам бақытының кілті» - дейді. «Адам өзін бақытты етеді, не өзін сорлы етеді»- дегенді бірінші айтқан Сократ.

СОКРАТ БІЛІМ МЕН АҚЫЛ ТУРАЛЫ

- Сократ бойынша білімнің бәрі ақыл емес, білімділердің бәрі ақылды емес. Сократ білім алудың басты мақсаты- адам өмірде жетілуі үшін және игілікті өмір сүру үшін көмектесуге керек дейді. Сократ өмірде кедей тұрған адам, даналыққа үйреткені үшін де, оқытқаны үшін де шәкірттерінен ақы алмаған, ол: «бір ғана игілік бар – ол білім, бір ғана зұлымдық бар – ол надандық» деп түсінген, ал «байлық пен атаққұмарлық жамандыққа ұрындыратындар» деп санаған.

□ Сократ «ақылды» және «ақымақ» деген түсініктер жіктемесін енгізді, адам ақылы арқылы адам өзінің ақыл есін, күш жігерін, қайратын, құмарлығы мен әуестігін бағындырады, адамға біткен «табиғи» бастауларды жетілдіреді, тұлғаға айналады, «адам бойындағы жүріс- тұрыс, мінез –құлық бәрі де ақылды болу керек» дейді, «ақылды жүріс- тұрыс, ақылды мінез – құлық» Сократ бойынша: «адамшылық жүріс - тұрыс, адамшылық мінез – құлықтың» тең синонимдері дейді



СОКРАТ АҚИҚАТ ТУРАЛЫ



: «Адам көптің пікірімен, көптің сөзімен жүрмеуі керек, шындықпен жүруі керек, әділ өмір сүруі керек» дейді. Зұлымдыққа зұлымдықпен жауап берудің қажетті жоқ екенін айтады, жамандыққа төзуге шақырады. Сократ: «Ақиқатпен өмір сүретін адам ешқашанда жамандыққа ұшырамайды» дейді

АТАҚТЫ ФИЛОСОФ М.МОНТЕНЬ:

- «Сократ өзінің де және өзгенің де өмірін табиғат, жаратылыс заңдарымен ұштастыруға тырысты, сондықтанда Сократты Александр Македонскиймен салыстыруға болмайды, алғашқысы «әлемді өзінің билігіне бағындарды», ал екіншісі (Сократ) адамның биікке көтерілуіне, адам болып өсуіне жол көрсетті, екіншісі әлдеқайда қиынырақ және терең білімді қажет етеді»





***НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!!!***